



БЕКІТЕМІН
Колледж директоры
А.С. Нугымаров

2021 ж.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу және өзектендіру рәсімі

Мазмұны

- 1 Мақсаты
- 2 Жалпы ережелер
 - 2.1 Қолдану саласы
 - 2.2 Нормативтік сілтемелер
- 3 Білім беру бағдарламасын әзірлеу және өзектендіру рәсімі
 - 3.1 Құжаттарды әзірлеу тәртібі
 - 3.2 Қаралатын білім беру бағдарламалары бойынша құзыреттерді айқындау
 - 3.3 Құжаттарды әзірлеу
 - 3.4 Құжаттарды келісу және бекіту
 - 3.5 Өзектендіру және өзгерістер енгізу тәртібі
 - 3.6. ББ іске асыру сапасын бағалау.

1. Мақсаты

Осы рәсім Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын, ғылымның, мәдениеттің, экономиканың, техниканың, технологияның және әлеуметтік саланың даму деңгейін ескере отырып, "Көлік колледжі" КМҚК мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын өзектендіру тәртібін белгілейді.

Осы рәсім оны бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

2 Жалпы ережелер

2.1 Қолдану саласы

Осы рәсімнің талаптары ішкі нормативтік құжаттаманы әзірлеудің, келісудің, бекітудің, тіркеудің, қолданысқа енгізудің, есепке алудың, оларды қолдану орындарында құжаттардың тиісті нұсқаларын қамтамасыз етудің, сақтаудың, өзгерістер енгізудің және күшін жоюдың барлық кезеңдерінде қолданылуы тиіс.

2.2 Нормативтік сілтемелер

Осы рәсімде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы "Білім туралы" Заңы (09.04.2016 ж. жағдайына толықтыруларымен және өзгерістерімен)

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы,

- Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары.

3. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру рәсімі

Білім беру бағдарламасын әзірлеу үшін аталған ББ іске асырумен айналысатын көрсетілген мамандықтар бойынша жоғары санатты оқытушылар тартылады.

Әзірлеу кезінде практикалық оқытуды іске асыруға қатысатын жұмыс берушілердің, көрсетілген мамандықтар бойынша практикалық оқыту іске асырылатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларының ұсыныстары мен тілектері ескеріледі.

Жұмыс тобының міндеті бағдарламаның МЖМБС және тиісті кәсіптік стандарттар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету тұрғысынан ББ-ға келісілген тәсілдерді не құзыретті мамандарды даярлау үшін жұмыс берушілер тарапынан өзге де біліктілік талаптарын әзірлеу болып табылады.

ББ МЖМБС және білім туралы заң негізінде көрсетілген мамандық бойынша мамандарды даярлау ерекшелігін ескере отырып әзірленеді. Әзірлеу кезінде жұмыс тобы еңбек нарығының қажеттіліктеріне сүйене отырып, түлек дайындалатын кәсіби қызметтің нақты түріне назар аударады.

Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы колледждің әдістемелік кабинетінде баспа түрінде сақталады, электрондық нысанды барлық инженер-педагог қызметкерлер пайдаланады, ресми сайтта орналастырылады.

3.1 Құжаттарды әзірлеу тәртібі

Колледж бойынша бұйрықпен "Көлік колледжі" КМҚК мамандықтары бойынша оқу жұмыс жоспарын әзірлеуге жауапты жұмыс тобы құрылады, оның құрамына циклдік комиссиялардың төрағалары және арнайы пәндердің жетекші оқытушылары кіреді.

Үлгілік оқу жоспарларының негізінде базалық және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған оқу жұмыс жоспары әзірленеді.

3.2 Қаралатын білім беру бағдарламалары бойынша құзыреттерді айқындау

Циклдік комиссияның отырысында жұмыс берушілердің қажеттіліктері мен ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жұмыс берушілердің ұсыныстары талқыланады және оң шешім қабылданған жағдайда енгізіледі.

3.3 Құжаттарды әзірлеу

Жұмыс оқу жоспарының құрылымы «"Талап" холдингі» КЕАҚ әзірлеген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес құрылады.

Колледждің әдістемелік комиссиясы жұмыс тобымен бірлесіп, құзыреттілікті қалыптастыру кезеңдерін сипаттайтын және білім беру бағдарламасын меңгерудің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін білімді, іскерлікті және дағдыларды айқындайды.

3.4 Құжаттарды келісу және бекіту

Жұмыс оқу жоспары жұмыс берушілермен келісуден өтеді және колледж директорымен бекітіледі.

3.5 Өзектендіру және өзгерістер енгізу тәртібі.

Циклдік комиссияның соңғы отырысында жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламаларының орындалу қорытындылары, қорытынды аттестаттау нәтижелері шығарылады. Жұмыс берушілердің, МҚАК мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарларына өзгерістер енгізіледі.

Жыл сайынғы жаңарту ББ игеру сапасының мониторингі, кәсіптік стандарттарды, өзектендірілген үлгілік оқу бағдарламаларын, негізгі нормативтік құжаттарды өзгерту нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Жаңарту пәндердің тізбесі мен атауы, пәндер, бақылау нысандары бойынша жүктемені бөлу және өзге де бөлігінде болуы мүмкін.

Пәндердің (модульдердің) жұмыс бағдарламалары мынадай бөлімдерде жаңартылуы мүмкін: пәндердің атауы, пәндердің еңбек сыйымдылығын бөлу,

бақылау нысандары мен өзіндік жұмыстар, негізгі және қосымша әдебиеттер тізбесі.

3.6. ББ іске асыру сапасын бағалау.

ББ іске асыру сапасын бағалау жыл сайын жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері жыл сайын циклдік әдістемелік комиссияның отырысында қаралады, педагогикалық кеңестің талқылауына шығарылады, онда өзектендірілген білім беру бағдарламасын іске асыру сапасын бағалау туралы шешім қабылданады.